



050007, Алматы қаласы, Есенберлин көшесі, 166 үй
Тел.: 8 (727) 338-37-30, 338-37-19
E-mail: info@almaty.zoo.kz, almaty.zoo@mail.ru

050007, город Алматы, ул. Есенберлина, дом 166
Тел.: 8 (727) 338-37-30, 338-37-19
E-mail: info@almaty.zoo.kz, almaty.zoo@mail.ru

3009. 2019 № 06.01.07-590

**Facthceck.kz сайтының
бас редакторы
Д. Смақовқа**

Құрметті Думан Дубекұлы!

Алматы хайуанаттар бағы әкімшілігінің сіздің №F-0906 25.09.2019ж хатыңызға жауабы:

1. Алматы хайуанаттар бағының коллекциясында үй есектері жоқ. Екі бас үлкен құлақты кірпіні ұстаудағы берілетін күнделікті рационын 1 басқа шаққанда, 30,0гр -жеміс, 50,0гр- ет, 20,0гр-бидай наны, 33,0гр - сәбіз, 10,0гр -сұлы жармасынан тұрады. Ақша эквивалент сомасына теңестіргенде **116,0 теңге(бір күндік) x 30 күнге =3480 теңгені құрайды.**
2. Жануарлардың күтіміне, яғни азықтандыруға жергілікті бюджеттен 2019 жылы 159 млн 582 мың теңге бөлінді. Бұдан бөлек қосымша өз қаражат есебінен 50 млн теңге бөлінеді. Сіздің қойған сұрағыңызды ескерсек, Алматы хайуанаттар бағында жануарлар 377 түрден, 3391 бастан тұрады, егер тәулігіне барлық жануарлар рационын орта есеппен шығарса, 1 бас жануарға 169,0 теңгені құрайды. Егер әр жануар түріне рацион нормаларын сақтасақ, сәйкесінше азық нормасыда әр түрлі болады. Мысалы, арқардың 1 күндік рационі: ұсақталған арпа - 0,33 кг, кебек - 0,2 кг, сәбіз - 0,5 кг, картоп - 0,5 кг, пішен - 2,0 кг, тұз - 0,03 кг, бор – 0,03 кг құрайды, оның **сомасы-345 теңге x 30күнге = 10 350 теңге.**
3. Билет сатылымынан түсетін қаражаттар: коммуналды қызметтерге (электр жүйесі, су, жылу жүйесі, тұрмыстық қалдықтар мен көң шығаруға), (ГСМ жанар-жағармай), дәрі-дәрмектер, лабораториялық

талдаулар, биологиялық зерттеулер, кеңсе және тұрмыстық тауарлар, картриджді толтыру, жануарларды ұстаудағы жағдайын және мал азығын жақсарту, құрылыс жұмыстары, еңбек ақысына жәрдемақы қосу және сыйақы төлеу үшін жұмсалады.

4. Ресми түрдегі статистикаға сүйене отырып Алматы хайуанаттар бағының жануарлар өлімі соңғы 10 жылдағы орташа есеппен 70 тен 90 басқа дейін құрайды. 2019 жылдың 9 айында 48 бас жануар өлді. Олардың ішінде: құстар 12 бас, сүтқоректілер 16 бас, балықтар 14 бас, жыландар 2 бас, кесірткелер 3 бас, бақа 1 бас. Жалпы жануарлардың басына шаққанда соңғы 10 жылдың ішінде жануарлар өлімі 2,7% құрады, бұл көрсеткіш ең төменгі болып саналды. Өлген жануарлардың көпшілігі өздерінің физиологиялық жас шегінен асқан.

Директордың міндетін атқарушы



С. Акилбеков